



Автор: БИХАН БОЛАТ ЖАҚСЫБАЙҰЛЫ

Пән: География

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Әлеуметтік-экономикалық ресурстар

Тақырып: Халық санағы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.4.1.1 халық санының анықтау әдістерін түсіндіреді;
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар : • Халық санын анықтау әдістерін анықтайды, сипаттайды
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Оқушылар халық санын анықтаудың түрлерін біледі. оқылым, тыңдалым Пәнге қатысты арнайы лексика мен терминология: Ағымдағы есеп, халық санағы, есеп жүргізу, халық статикасы Диалог құруға /жазылымға қажетті сөздер топтамасы: Халық санағын жүргізу....., себебі.....
Күтілетін нәтиже:	Оқушының жаңа тақырыпты толық меңгеруі.
Бағалау критерийлері:	Халық санын анықтау әдістерін біледі
Құндылықтарды дарыту:	Бұл сабақ оқушыларды академиялық шынайылық, топтық жұмыс кезіндегі ұйымшылдық, жауапкершілік, көшбасшылық дағдыларын дамытуға бағыттайды
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интер белсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Статистикалық мәліметтерді талдау кезінде математика пәнімен байланыс орнайды. Информатика пәнімен халық санағы мәліметін алу парақшасын дайындай кезінде байланысады.
Бастапқы білім:	Оқушылар Халық географиясы тақырыбын «7.4.1.1 халықтың қоныстану заңдылықтарын анықтайды және түсіндіреді; 7.4.1.2 халық тығыздығын анықтайды және көрсеткіштеріне баға береді; 7.4.1.3 дүниежүзі халқының нәсілдік, этникалық және діни құрамын анықтайды және таралу аймақтарын картадан көрсетеді» оқу мақсаты бойынша оқыды. Оқушылар халықтың қоныстану ерекшеліктерін біледі, халықтың тығыздығын анықтай алады, нәсілдік, этникалық, діни құрамын ажыратып, сипаттама бере алады

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10мин)	1. Ұйымдастыру кезеңі. Сыныппен сәлемдесу. 2. Тақтаға сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаттары көрсетіледі. 3. (С) «Серпілген сауал» - Ең алғаш халық санағы жүргізілген мемлекет? - Халық санағын жүргізу қандай мәселеден туындады? - Қазақстан территориясында қанша рет халық санағы жүргізілді? -Қазақстан территориясындағы шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ халық санағына қатыса ма? . 4. (С) Мәтінді пайдаланып тапсырманы орындаңыз а) «Ассоциация әдісі» Статистикалық мәліметтерді топтастырыңыз. б) Ғаламторды пайдаланып, 2019 жылғы өтетін халық санағын ұйымдастыру шараларын анықтаңыз. в) Санақ мәліметтерінің маңыздылығын анықтаңыз 5.(М)Халық санағының негізгі принциптерімен, 1999 жылғы санақ жүргізу бетшесімен және санақтың қорытындысымен таныстыру.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25мин)	6. (Т) Санақ жүргізу бетшесін дайындау. Дескриптор Оқушылар □ Санақ жүргізу бетшесінің өзіндік үлгісін дайындайды. Оқушылар бірін- бірі бағалайды. Мұғалімнің кері байланысы	
Сабақтың соңы (3мин)	Қорытынды. Оқушылар тақырыпқа сәйкес тапсырмалар орындайды. Мұғалім сабақтың мақсаты бойынша, талдау жүргізеді. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін табыс баспалдағына өз орнын айқындайды.	
Рефлексия (2мин)	Рефлексия	